

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IV Республиканской научно-практической
онлайн конференции «Судьбоносные решения Первого
Президента РК Н.А. Назарбаева по формированию нового
Казахстана», посвященной 25-летию Независимости
Республики Казахстан**

**2016 жыл 25 қараша
Астана**

**ӘОЖ 342 (063)
Ж 28**

«Жаңа Қазақстанды қалыптастырудағы ҚР Тұңғыш Президенті
Н.Ә. Назарбаевтың тағдырқешті шешімдері» Қазақстан Республикасы
Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған атты IV Республикалық ғылыми-
практикалық онлайн конференциясы = «Судьбоносные решения Первого
Президента РК Н.А. Назарбаева по формированию нового Казахстана» IV
Республиканская научно-практическая онлайн конференция,
посвященная 25-летию Независимости Республики Казахстан
Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/sborniki-konferentsiy/iv-respublikanskaya-
nauchno-prakticheskaya-onlayn-konferentsiya](http://www.enu.kz/ru/nauka/sborniki-konferentsiy/iv-respublikanskaya-nauchno-prakticheskaya-onlayn-konferentsiya), 2016. – б. (қазақша, орысша).

ISBN 978–9965–31–813-9

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген. В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и ученых гуманитарных наук.

ӘОЖ 342 (063)

ISBN 978–9965–31–813-9

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

СОДЕРЖАНИЕ

1.	Ashimkhanova K.	Territorial and border issues in Central Asia: historical approach	5
2.	Toimbayeva A.S.	Co-operation between France and Kazakhstan in the framework of cultural diplomacy	8
3.	Әбдіғали Н.Ә.	Н.Ә.Назарбаевтың – Қазақстандағы қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайту жолындағы саясаты	12
4.	Әбішева М.М.	Ел басының игі бастамаларының бірі – әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі	19
5.	Альжаппарова Б.К.	Из истории «продрозверсток» в Центральном Казахстане в начале 1920-х гг.	23
6.	Галимжанова С.Б.	Основополагающие институциональные реформы в экономике Казахстана	29
7.	Еменова Н.	Н.Ә.Назарбаевтың саяси тұлға ретінде қалыптасуы	35
8.	Жумабекова Д.Ж., Капеу-Коханова М.Б.	Роль Первого Президента РК Н.А. Назарбаева в развитии музыкальной инфраструктуры Астаны	41
9.	Жунисбеков Е.Н.	Деятельность РК в ООН: инициативы Н. Назарбаева	43
10.	Ибрагимов Ж.И.	Тұңғыш Президенттің институционалды реформаларды жүргізудегі ролі	47
11.	Иманбай А.Р.	Тарихи дыбыс өзгерістерінің түбір құрылымына әсері	52
12.	Искаков Қ.А.	Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстандағы білімді ұрпақ даярлау жолындағы саясаты	59
13.	Қабылшаев Қ.И.	Ұлы Жеңіске – қомақты үлес (Қазақстан теміржол көлігінің тылдағы ерен еңбегі хақында)	62
14.	Каирбаева Н.А.	МИИДБ-2 іске асыруда арнайы экономи-калық аймақтар ролі және оның құқықтық реттелуі	68
15.	Ковальская С.И.	Роль Первого Президента в разработке концепции по формированию исторического самосознания нации	70
16.	Қосыбаев М.М.	М. Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегіндегі отбасы және туыстық қатынастар жүйесіне қатысты тілдік бірліктердің этнолингвомәдени сипаты	73
17.	Кошман Т.В.	Ассамблея народа Казахстана как модель межнационального единства	79
18.	Махамбетжанова Ж.	Мәңгілік ел болашағы – білімді ұрпақ, саналы жастар	82

19.	Мусабалина Г.Т.	Казахстанский путь в свете Послания Президента РК Н.А. Назарбаева	91
20.	Нугманова К.Ж.	Казахстанский путь и политика Первого Президента Республики Казахстан в продвижении позитивного имиджа страны	97
21.	Оспанова А.Н., Жанбулатова Р.С.	Казахстанско-Российское приграничное взаимодействие и опыт «Еврорегионов» в контексте Евразийской интеграции	102
22.	Пұсырманов Н.С.	Қазақстан қоғамын топтастырудағы Н.Ә.Назарбаевтың тарихи шешімі	109
23.	Сайфолла Ғ.А.	Ұлт көшбасшысының ел конституциясын әзірлеудегі орны	112
24.	Сәрсенбек Д.	Экспо - 2017 көрмесі - елдіктің ерен жеңісі	116
25.	Сергазин Е.Ф.	25 лет - как молчит семипалатинский ядерный полигон	123
26.	Сулеймен Т.	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында дипломатиялық қарым-қатынастың орнауы	126
27.	Токанов Е.Е.	Ұлт көшбасшысының Еуразиялық экономикалық одақ туралы идеялары	136
28.	Турегалиев Б.Б	Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстанды жаңғыртудағы рөлі	143
29.	Үмітқалиев Ұ.Ұ.	Қазақстанға тигізген ядролық сынақ зардабы және Н.Ә.Назарбаевтың ядролық қарудан бас тарту жолындағы күресі	152
30.	Хабдулина М.К., Брынза Т.В.	К тысячелетию Астаны	156
31.	Шойбекова А.С.	Қазақстан тәуелсіздігі жылдарында Р.Қошқарбаев ерлігіне жаңа көзқарастар	160
32.	Юмакаева Э.А.	Бесік в истории казахской материальной культуры	163

ЭКСПО - 2017 КӨРМЕСІ - ЕЛДІКТИҢ ЕРЕН ЖЕҢІСІ

Сәрсенбек Динара Рамазанқызы

Заң факультеті 1 курс

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ



Қазақ елі Тәуелсіздігін алғаннан бері қуатты мемлекет ретінде қалыптасып, әлемнің алдыңғы қатарлы еліне айналу жолында талай белестерді бағындырды, тамыры тереңде жатқан төл тарихымыздың жаңа беттері ашылды. Осы қысқа ғана уақыт ішінде экономикалық және әлеуметтік маңызы зор жобаларды қолға алып, әлемдік деңгейдегі іс-шаралардың өтуіне ұйытқы бола білдік. Жаһандық мәселелер талқыға түскен кешегі ЕҚЫҰ-ның саммиті, Астана экономикалық форумы, Инвестициялық форум, Дүниежүзілік ислам экономикалық форумы жас мемлекетіміздің мерейін үстем етіп, абыройын асқақтатты. Осы жеткен жетістіктердің барлығы біріншіден халқымыздың арқасында болса, екіншіден халықты жұдырықтай жұмылдырып, өзінің сара жолын сала білген Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың арқасы.

Елдік пен даналықты әлемдік саясатпен ұштастыра білген Елбасы елдің ішкі және сыртқы саясатының бағыттарын кемеңгерлікпен айқындап, елдің бейбітшілігі мен ынтымақтастығының бірлігін сақтау, мемлекеттің экономикасы мен саяси жүйесін дамыту, халықтар достығын нығайту, елімізді өркениетті елдер қатарына қосу мәселелерінде күш салып, еліміздің абыройы мен атағын асқақтатып, мәртебесін биіктетіп, Отанымыздың беделін көкке көтеріп келе жатыр. Тіпті, бұл тұрғыда оны бүкіл әлем мойындайды. Атап айтар болсақ , ағылшын жазушысы Джордж Айткен 2009ж 14 шілдеде «Егемен Қазақстан» газетіндегі сұхбатта: «...Мен Нұрсұлтан Назарбаевтың өз халқы үшін сіңірген үлкен еңбегі –аса қиын жағдайда сан ұлттан құрылған халқын соңына ертіп, олардың тарихи қалыптасқан достығы мен ауызбірлігіне

сына қақтырмай, топтасқан күйде сын сәттен сүріндірмей алып шыққандығы осының негізінде жас та тәуелсіз мемлекетті құра алғандығы деп есептеймін» - дейді, Иә, расында да жас ұрпаққа болашақ үшін жол сілтейтін бұл құбылыс Қазақстан тарихындағы маңызы өлшеусіз болып табылады. «Ел көшін бастау-маған сын, мені қостау – елге сын», - деп өзі айтып өткендей, даналығымен батырлығымен, парасаттылығымен ел мұңын, халық сырын, тарих үнін түсініп, халық пен ел мүддесі жолында табандылық пен тапқырлық таныта білген Елбасымыз халқымыздың, еліміздің мәртебесін әлемдік аренаға көтеру мақсатымен көрме ұйымдастырып атап айтсақ «EXPO-2017: болашақтың энергиясы» тақырыбындағы халықаралық көрмесін Қазақстанда өткізу арқылы қазақ елін аса іргелі елге айналдыруды көздеп отыр.

Бұндай көрме ата-бабаларымыздан бастау алған болатын, сонау 1925 жылы Парижде өткен дүниежүзілік көрмеде Әміре Қашаубаевтың ән салғаны және ЭКСПО көрмесіне қатысқан ең алғашқы қазақ екені белгілі. Сол бір әсем де әсерлі үні арқылы бүкіл Париждің журегін жаулаған болатын..

Франция астанасы Парижде өткен Халықаралық EXPO көрмелер бюросы Бас Ассамблеясының 152-ші сессиясы аясында Қазақстанның елордасы Астананың 2017 жылы халықаралық көрмені өткізетін орын ретінде таңдалып алынуы ең алдымен тәуелсіздікке қолы жеткен жылдардан бері кемесі алға жүзген қазақ ұлтының көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың әлем алдындағы абыройы мен зор беделінің айғағы екенін жұрт мойындады. Парижде өткен сессияда EXPO-2017 көрмесі өткізілетін қаланы анықтау үшін 161 мемлекеттің өкілі жасырын дауыс берді. Астана үшін Халықаралық көрмелер бюросына қатысушы 103 ел, ал Бельгияның Льеж қаласына 44 ел дауыс берді.

Бельгиялық Льеж қаласы көрмені өткізу үшін «Адамдарды біріктіре отырып...» деген тақырып ұсынса, Астана энергияның баламалы көздеріне және «жасыл» технологияларға арналған «Болашақтың энергиясы» деген тақырыппен біздің елдің көрмені өткізуге толық мүмкіндігі барын дәлелдеп, қорғап шықты.

Бельгияның Еуропа кеңістігіндегі экономикасы қарыштап дамыған ел екенін ескерсек, бұл елден басым түсу тәуелсіз жас мемлекетімізге әлем қызығушылықпен қарағанын аңғартады. Халықаралық деңгейдегі дүниелерді өткізуге құқы бар, беделі мықты мемлекеттер біздің еліміздің бейбітшілік сүйгіш халқын, оның бастамашыл Президентін тани түскісі келген болу керек. Себебі, өткен жылдың маусымында ғана Париждегі Халықаралық көрмелер бюросының штаб-пәтеріне Астанада EXPO-2017 көрмесін өткізу туралы өтінішін тапсырған еліміздің араға жыл салып үлкен жетістікке қол жеткізуі осыны меңзейді. Қазақстанның Халықаралық көрмелер бюросы ұйымының қатарына мүшелікке 1997 жылы қабылданғанын ескерсек, аз уақытта әлем елдерінің сеніміне ие болу — үлкен мәртебе.

EXPO-2017 халықаралық көрмесін өткізуге ниетті Қазақстан әлемдік қауымдастыққа «Болашақ энергиясы» тақырыбын ұсынғаны белгілі. Қалай дегенде де, EXPO сияқты халықаралық көрмелерге қатысу қай елдің болса да әлеуетін дүниежүзіне паш етуге берілген тамаша мүмкіндік деуге болады. Оның үстіне, әлем алдында өзінің даму деңгейінді іс жүзінде дәлелдей

отырып, шараны жоғары жауапкершілікпен өткізу – өте зор құрмет. Өйткені елдерді достастыру, ауызбірлікке шақыру, инфрақұрылымдарды лайықты деңгейде дамыту – жоғары дәрежеде өтетін кез келген іс-шараның мақтанышы. Әрине, бұл оңай шаруа емес.

Астанада ЕХРО өткізуге арналған тақырып кездейсоқ таңдап алынбаса керек. Жерінде табиғи байлықтың мол қоры бола тұра Қазақстан баламалы энергетика мәселесін қозғауы тегін емес, әрине. Өйткені, шикізат көзіне айналып отырған еліміз оның түбінде бір түгесілетінін жақсы түсінеді. Сондықтан да тұрақты энергияны, баламалы энергетиканы пайдалану және табиғи ресурстарды сақтау барлық энергетикалық саланы дамытудың басым бағытының бірі болып табылады. «Болашақ энергиясы» – жел, күн, су, ғарыш баламалы энергетика, биомасса энергиясы, атмосфераға CO₂ қалдықтарын төмендету мәселелерін терең қозғайтын өте ауқымды түсінік.

Әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттері ғылымдағы өзінің соңғы жаңалықтарын ұсынатын бұл халықаралық көрмені өткізу идеясы неден туындап отыр? Жасыратыны жоқ, бүгінде елімізде баламалы көздерден қуат алу мәселесі әлі де болса шешілмеген. Ал әлем дамудың жаңа, экологиялық тұрғыдан қауіпсіз жолдарын қажетсінеді.

Міне, сондықтан да Қазақстан «Жасыл экономикаға» бет бұрды. Егер ЕХРО-ны өткізудің сәтті түсті, енді осы бір қордаланған мәселелер шешімін табады деп сенеміз. Миллиондарды толғандыратын болашақ энергиясы тақырыбын талқылау адамзат тарихындағы кең ауқымды пікірталастардың бірі болып қалмақ. Оны әлемдік қауымдастық та жете түсініп отыр. Астананың игі бастамасына көрші, бауырлас елдерді айтпағанда, дамыған еуропа мемлекеттерінің көбісі қолдау білдіруде.

ЕХРО-2017 ұлттық жобасына Мемлекет басшысының өзі қолдау көрсетуі оны сәтті іске асырудың маңызды факторы болып табылады. 2011 жылдың жазында Ислам конференциясы ұйымы Сыртқы істер министрлерінің 38-ші сессиясында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Ұйымға мүше мемлекеттер ЕХРО-2017 дүниежүзілік көрмесін өткізуде Қазақстанның кандидатурасын қолдайтынына сенім білдірді. Президент бүгінде энергетикаға ауқымды инвестиция салу бүкіл әлем үшін өте маңызды мәселе болып табылатынын атап өтті.

Тарихқа көз жүгіртсек, ЕХРО дәстүрлі көрмесі бұған дейін Азияның солтүстік шығысында, Еуропа мен Солтүстік Америкада өткізіліп келген екен. Ал енді Шығыс пен Батыстың арасындағы алтын көпір болып табылатын жаңа өңірде, Еуропа, Таяу Шығыс елдерімен, бұрынғы Кеңес республикаларымен, сондай-ақ Орталық Азия елдерімен өте жақсы қарым-қатынас орнатқан жас мемлекетте өткізу Астанаға тағы бір ұпай алып келетіні белгілі.

Қазақстан елордасы сайлауалды бәсекеде жеңіске жетсе, осы саладағы үздік әлемдік үрдістер мен эзірлемелерді көрсетіп, оны талқылау үшін тиімді алаңға айналары сөзсіз. Қазірдің өзінде «Болашақ энергиясы» тақырыбында жұмыстар басталып кетті. Қазақстан жаңа энергия көздерін енгізу бойынша халықаралық пікірталастарға белсенді түрде қатысып келеді. Айталық, 2012 жылдың маусымында Астанада өткен «Болашақ энергиясы» халықаралық

симпозиумы ғаламшардың назарын қайта жаңартылатын энергия көздерін күшейту мәселелеріне аударды. Мұның өзі Қазақстан үшін ЕХРО-2017 көрмесін өткізуде маңызды шаралардың бірі болғаны анық. Қорыта келгенде, күннен күнге дамып жатқан заманауи технологияларды тиімді пайдалану үкіметтік деңгейде қолға алынса, біздің дәстүрлі энергия көздеріне тәуелділігімізді айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік туар еді. Сонда біз қоршаған ортаны зиянды қалдықтардан қорғап қана қоймай, көптеген жұмыс орнын құрып, сатып алу қабілеттілігін арттыра аламыз.

Сондықтан да біздің Тәуелсіз жас мемлекетіміз үшін ЕХРО-2017 көрмесін өткізудің маңызы өте зор. Сайлауалды науқанының ең бір жауапты кезеңі – дауыс беретін күн де алыс емес. Оның нәтижесі тек 2012 жылдың соңында ғана белгілі болмақ. Әрбір қазақстандық біздің жеңіске жететінімізге сенеді және Көрмелердің халықаралық бюросы делегаттары оң жауап береді деген үмітте. Өйткені біз үшін жеңіс маңызды.

Экспо - 2017 көрмесі - елдіктің ерен жеңісі Көрме біздің елімізге ірі инвестиция тартуға мүмкіндік туғызады. Сондай-ақ ЭКСПО көрмесін өткізу арқылы Қазақстан «жасыл экономиканы» дамытуға тікелей септігін тигізетін жаңа технология мен инновация алады» - деді Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Астана қаласында ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін ұйымдастыру және өткізу мәселелері жөніндегі Мемлекеттік комиссияның отырысында сөйлеген сөзінде. Қазақ елі Тәуелсіздігін алғаннан бері қуатты мемлекет ретінде қалыптасып, әлемнің алдыңғы қатарлы еліне айналу жолында талай белестерді бағындырды, тамыры тереңде жатқан төл тарихымыздың жаңа беттері ашылды. Осы қысқа ғана уақыт ішінде экономикалық және әлеуметтік маңызы зор жобаларды қолға алып, әлемдік деңгейдегі іс-шаралардың өтуіне ұйытқысы бола білді. ЭКСПО көрмелерінің идеологиялық теке тірестің алаңына айналу арқылы да ғажап нысандардың, ғажайып туындылардың дүниеге келуіне себепші болған жайлары жеткілікті.

Бұл ЭКСПО бізге не бермек? Оның біздің еліміз үшін маңызы қандай? Мақсаты мен мұраты нешік?

Біріншіден, ЭКСПО кезінде әлемнің түкпір-түкпірінен келген ең жаңа, заманауи технологиялар көрмеге қойылып қана қоймай, олардың жұмыс істеу принциптері көрсетіледі. Сол арқылы біз жаңа технологияларды көріп, әлемдегі озық технологиялар мен техниканың қай бағытта, қалай дамып бара жатқанына куә боламыз, өз еліміз бен дамыған елдердің арасындағы технологиялық прогрестің айырмашылығын біліп, өз-өзімізді бағамдаймыз.

Екіншіден, ЭКСПО барысында Қазақстан тарапынан және шетел тарапынан зерттеу орталықтары, сондай-ақ шетел тарапынан салынатын жаңа жобалар көрме аяқталғаннан кейін де Қазақстанның керегіне жарап, ары қарай қызмет етеді.

Үшіншіден, шараны ұйымдастыру барысында көптеген жаңа ұйымдастыру, басқару, үйлестіру әдістерін үйреніп қана қоймай, 3 айлық науқан барысында Қазақстан қызмет көрсету саласын сыннан өткізіп, тәжірибе жинақтап алуға, сол арқылы тәжірибені жетілдіруге мүмкіндік туады.

Төртіншіден, бұл шараға Қазақстан үкіметі жариялағандай 5 миллион адам келмесе де, көрме өтетін Астана қаласының тұрғындары мен әдеттегі қонақтарынан әлденеше есе артық адам келетіні анық. Бұл сол қысқа мерзімде еліміздегі жеке кәсіп саласына, қонақ үй, тамақтану сияқты қызмет көрсету салаларындағы кәсіпкерлерге пайда әкеледі.

Бесіншіден, көрмеге келетін қонақтар тек Астана қаласымен шектелмей, Алматы, Бурабай қатарлы көрікті жерлерге ат басын бұрары сөзсіз. Кейін Қазақстанның жарнамасын жасайды, бұл туризм саласы үшін маңызды рөл атқарады.

Алтыншыдан, шара 3 ай бойы өтетіндіктен, шетелден келген қонақтарға жол бастау, аудармашы болу сияқты міндетті атқаратын шет тілін білетін және үйреніп жүрген жастарға үлкен тәжірибе.

Өз басым осындай алты артықшылықты көріп тұрмын. Енді тек даңғазашуға айналдырмай, өз мәнінде, ысырапшылдыққа бой алдырмай, тойға айналдырмай, әр қадамды есеппен басса, бізге әкелер пайдасы көп шара.

Тағы бір айта кетерлігі, шараның бет-беделін көтеріміз деп, әйгілі адамдарды, бұрынғы мемлекет басшыларын, әртістерді, сондай-ақ, басқа да ресми қонақ санын көбейтіп, оларға тегін жатын орын, ішіп-жем дайындап шабылудың қажеті жоқ. Ондай арзан атақпен бүкіләлемдік көрменің мәртебесін көтере алмаймыз. ЭКСПО мәртебесі жаңа жобалар, жаңа технологиялар, жаңа өндіріс өнімдері, жаңа іскерлік байланыстардың санымен және сапасымен өлшенеді. Әрине, 16 миллион ғана халқы бар елде, 700 мың ғана адам тұратын қалада, жәрмеңкеге салар жаңа технологиясы мен технология арқылы шығаратын өндіріс пен өнімі аз елде бәрібір Шанхай немесе Париж қалаларындағыдай қызғынды болмауы мүмкін. Алайда, біз өз деңгейімізде сәтті өткіземіз деп сенмін

Күннен күнге дамып жатқан заманауи технологияларды тиімді пайдалану үкіметтік деңгейде қолға алынса, біздің дәстүрлі энергия көздеріне тәуелділігімізді айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік туар еді. Сонда біз қоршаған ортаны зиянды қалдықтардан қорғап қана қоймай, көптеген жұмыс орнын құрып, сатып алу қабілеттілігін арттыра аламыз. Сондықтан да біздің Тәуелсіз жас мемлекетіміз үшін ЕХРО-2017 көрмесін өткізудің маңызы өте зор. Әрбір қазақстандық біздің жеңіске жететінімізге сенеді және Көрмелердің халықаралық бюросы делегаттары оң жауап береді деген үмітте.

Өйткені біз үшін жеңіс маңызды. Астана - алғаш атқан таңынан бастап жақсылыққа тұмар, жаңалыққа құмар болған ерекше шаһар. Осы арқылы біз ЭКСПО-ның үкілі үмітін Еуразия төрінен ақтауға, арман-тілегін Жер кіндігінен бастауға ЭКСПО – Бүкіләлемдік көрме. Оны өткізу мүмкіндігі елге жүз жылда бір рет қана берілуі мүмкін. Кей елдерге жүз жылда та берілмеуі де мүмкін. Қазақстан – сондай мүмкіндікке тәуелсіз дамуының алғашқы ширек ғасырында-ақ қол жеткізген сирек елдің бірі.

ЭКСПО-2017 – мемлекетіміздің мығымдығын, еліміздің еңселілігін, ойымыздың тереңдігін, халқымыздың қонақжайлылығын, айналып келгенде ұлттың ұлылығын көрсететін тұс. Дәл солай боларына сенеміз.

Аайда ,Әр нәрсенің оңы мен солы бар демекші,кейбір жайттардан кемшіліктерді көріп отырмыз. Атап айтқанда, нысандарды жобалау жұмыстары басталмай жатып-ақ сәтсіздікке ұшырап, оның айналасында жүргендердің бәрі «бас-басына би болғандығының» салдарынан жұмыстың нәтижесін сұрайтын бір адамның табылмай отырғанына Мемлекет басшысы – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Астананы одан әрі дамыту мәселесіне арналған биылғы алқалы жиында елімізде өтетін «EXPO-2017» дүниежүзілік көрмесіне дайындық барысы көңіл көншітпейтінін көңілі толмайтынын білдірді.Бірақ біз осындай елдігімізді көрсететін көрмеде кемшілік тұстарын жойып,одан әрі асқақтатады деген сенімдемін.

Дәл қазіргі уақытта көрмеге дайындық жүргізетін ведомстволарды тиімді үйлестіру үшін штат жасақталып, жұмыс жоспары әзірленіп жатыр. Іс-шараны ұйымдастыруға ұлттық компаниядан басқа қалалық әкімдік пен «EXPO-ны қолдау қоры» атсалысуда. Көрме қалашығын жобалаумен биыл өткізілетін арнайы тендердің жеңімпазы айналыспақ. Олар қалашықтың сәулеттік келбетін әзірлеуді де өз мойнына алады.

Міне, осы және өзге де «керектер» мен «тиістердің» жолында жауапты мекемелер мен ондағы қызметшілер терін төгіп, жанын салар болса, Алаштың абыройы асқақтаған үстіне асқақтамақ. Дәйім солай болғай.

Белгілі болып отырғандай, 2017 жылы Астанада өтетін «EXPO» көрмесі тұрақты емес, маусымдық форматқа лайықталған. Бұған Қытайдың Шаңхай қаласында ұйымдастырылған көрмені мысалға келтірсек, жаңылыспаймыз. Әлем халқына есігін айқара ашқан бұл елге туристердің миллиондап ағылуы алған бағыттың дұрыс екенін аңғартатындай. Қазақстанның елордасы да келушілерді осы үлгіде қабылдауды жөн деп тауып отырғандықтан, мұндағы барлық іс-шаралар уақытша сипат алатыны түсінікті. Демек, мәлім етілген 5 миллион адамды қабылдап үлгеру үшін Астана жаз маусымына бар күшті салғаны лазым. Көрме бюджетінің қомақты болуы, яғни, 1,5 миллиард долларға бағалануы сондықтан болса керек. Рас, бұл әзірге нақты емес, болжам ғана. Ғаламдық шара біздің елге қаншаға түсетіні барлық есептер жүргізілгеннен кейін барып, жылдың соңында белгілі болады.

Астанадағы көрмені өткізуге дайындық шаралары барысында әлемдік тәжірибенің озық үлгілері зерттелген. Әсіресе, келушілер саны жоспарланған межеден асып түскен Лиссабон, Ёсу сияқты қалалардың сәтті ұйымдастыру жүйесі басты назарда. Айта кету керек, мұндағы павильондар, көрме алаңдары әлі күнге шейін қалаға пайда әкеліп отыр. Ал халық елдің өзге өңірлерінде жаңартылған инфрақұрылымдар мен жаңа көлік жолдарының қызығын көруде.

Бурабай курортын да көрменің туристік серіктесі ете отырып, толығымен өзгерту жоспарлануда. Ол үшін су қоймалары тазаланып, өңірде жаңа қонақ үй кешендері мен туристер тоқтайтын қалашықтар салынуы тиіс. Тұтастай алғанда, Ақмола облысында трамплин кешені бар шаңғы базасын, сонымен бірге, бірнеше этноауыл салу таяу уақытта қолға алынатын істердің бірі болмақ. Дәл осы этнографиялық ауылдар елді мекендер экономикасы мен фермерлерге демеу болуы әбден ықтимал. Өйткені, аграрлық туризм көптеген елдердің негізгі табыс көзінің бірі екені белгілі.

Ал елорда шенеуніктері туристерге анағұрлым жайлы жағдай жасау үшін қалада қосымша «Хилтон», «Мэриот», «Ритц-Карлтон», «Фор Сизонс» қонақ үйлері салынып жатыр. Әрине, бұл нысандардың құрылысын үлкен кешендер салуда мол тәжірибесі бар компаниялар жүргізіп жатыр. Сонымен қатар, әкімдіктің таратқан ақпараты бойынша, Астананың архитектуралық келбетін салынып бітуге жақын опера және балет театры, Президенттің кітапханасы мен қоры ажарландыра түссе, көп функционалды «Абу-Даби Плаза» кешені елорда қонақтарының көзайымына айналмақ.

Елорда аумағынан 97 павильонға лайықталған «ЕХРО-қалашыққа» шамамен 100 гектар жер бөлінетіні бұған дейін де талай айтылды. Ел басшылығы белгіленген аумақта жермен байланысты қандай да бір айла-шарғы жасауға қатаң тыйым салғандықтан, құрылысқа бөлінетін бюджет қаржысы тиімді пайдаланылады деген сенімдеміз. Қазір бұрын саяжай болған 200-250-ге тарта жер учаскесін тұрғындардан сатып алуға ұсыныс жасалуда. Сонымен қатар, жасыл квартал мен жабық қалашық салу идеясы іс-шараны ұйымдастырушылар тарапынан қолдауға ие болып отыр.

Оларды көрме аяқталған соң Астана тұрғындарына тұрғын үй ретінде беру көзделуде. Біздіңше, бұл «бір оқпен екі қоянды атып алуға» мүмкіндік берілетін аса пайдалы іс. «ЕХРО» көрме қалашығына қарай байланыстырушы жолдар тартылатынын да маңызды оқиғалардың бірі ретінде атап өту керек. 17 шақырымдық шағын айналма жолдың құрылысын аяқтап, қаладағы ерекше күрделі орындарды жаңа және қайта жасалған жолдардың көмегімен азайту жоспарлануда. Ең бастысы, 2017 жылы Астанада 42 шақырым жол арқылы қаланы толық айналып шығып, тікелей көрмені байланыстыратын жолдар салынады.

Осы орайда, «Болашақ энергиясы» тақырыбын арқау еткен «ЕХРО-2017» көрме кешені толығымен жаңартылатын энергия көздерімен қамтамасыз етілетінін айтпай кетуге болмас. Бұған, әрине, Астанада салынып жатқан күн батереялары зауыты мен Ерейментауда салынған жел станциясының көп көмегі тиері сөзсіз. Қалай болғанда да көрме елдегі баламалы энергетиканың анағұрлым қарқынды дамуына оң ықпал етеді.

Екінші жағынан, энергия тиімділікті кеңінен насихаттау адамдарға оның артықшылықтары туралы көбірек білуге көмектеседі. Мұнда тиімді технологиялар мен материалдарды қолданып, жаңғырту есебінен болатын Астананың оң жағалауында орналасқан ескі үйлердің энергия аудиті тиімді құралға айналады дейді мамандар. Бұл шынымен де таза, энергия үнемді және өзге өңірлерге үлгі қала болуға Астана үшін зор мүмкіндік береді.

Рас, көрмеге дейін құрылысы аяқталуы тиіс үшінші Жылу электр орталығының (ЖЭО) «жасыл» энергияны дамытуға қандай қатысы болатыны әзірге еш түсініксіз. Өйткені оған да көмір пайдаланылады. Яғни, экологиялық тұрғыдан тиімсіз жобалардың бірі болып қалмақ. ЖЭО-1 мен ЖЭО-2 қаланы көк түтінмен тұмшалап тұрғанын ескерсек, мүмкін, үшінші ЖЭО-ның қажетсіз екені туралы қайта ойлану керек сияқты.

Қазақстанды көркейтуде «ЕХРО-2017: болашақтың энергиясы» сияқты бүкіләлемдік маңызға ие сындарлы істен ешкім де сырт қалмақ емес.

Тек қана жаһандық деңгейдегі ұлы міндеттер мен мақсаттарға ұмтылған ұлттар ғана жеңіске жетеді. Сондықтан, бәсекеге қабілетті ел болуымыз үшін ұлттың рухын ең маңызды міндетіне айналдыруымыз шарт. Қазақстанның әрбір азаматы мұны жақсылыққа, жетістікке, парасаттылыққа апарар жол деп танып, туған елінің гүлденуіне қолдан келгеннің бәрін жасауы қажет. Әрбір адам өз бойындағы асыл қасиеттерді дамытып, оның жеңіске жетелейтініне сеніп, көк туымызды көкте желбірету жолында бар күш-жігерін сарп етуі тиіс.

Болашақта дамыған елге айналып, әлемді мойындату үшін әлі көп тер төгуіміз қажет. Бұл мақсатқа жету жолында бастысы Отанға деген сүйіспеншілік пен ауызбіршілік және Елбасымыздың алғыр бастамаларына деген шексіз сенім.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Егемен Қазақстан №73(28012) 2013ж.
2. Егемен Қазақстан №69 (28008) 2013ж.

25 ЛЕТ - КАК МОЛЧИТ СЕМИПАЛАТИНСКИЙ ЯДЕРНЫЙ ПОЛИГОН

Сергазин Е.Ф.

магистр, старший преподаватель кафедры
«Политологии» ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

29 августа 1991 года Президент подписал исторический Указ о закрытии Семипалатинского полигона, тем самым заложив основу безъядерной политики Казахстана [1].

Сразу же после обретения Республикой Казахстан независимости, Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев развернул поистине титаническую работу внутри страны и с зарубежными деятелями ведущих мировых держав по проведению многочисленных консультаций, общественных дебатов и переговоров в самых различных форматах по вопросам ядерной безопасности. Стремление Казахстана к укреплению региональной и международной безопасности Н.А. Назарбаев непрерывно связывает с ядерным разоружением.

Добровольный отказ Казахстана от ядерного оружия - уникальный случай в мировой практике. Об этом заявил генеральный секретарь ООН Пан Ги Мун, посетивший так называемый «граунд зеро - ground zero» - эпицентр ядерного взрыва на Семипалатинском полигоне во время своей поездки в Казахстан в апреле 2010 года. Он отметил, что история Семипалатинска - яркое доказательство необходимости ядерного разоружения. При этом призвал руководителей всех стран, в особенности ядерных держав, последовать примеру нашей республики.

27 марта 2012 года во время работы Сеульского саммита по ядерной безопасности было обнародовано: «Совместное Заявление Президентов